

**К Е Л І С Е М І Н**  
**«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК**  
**директорының м.у.а.**

**А. Койлыбаев**

«27» 03 2026ж.

**Аналитикалық анықтама**

Өрікті ауылы

20 наурыз 2026 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – Кәсіпорын) бойынша жұмыс тобының құрамымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 5-тармағына, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес және №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» Типтік базалық бағытын іске асыру мақсатында, 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Қазақстан Республикасының Заңы, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары, №4 ҮББ «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» жобаларын іске асыру бойынша нұсқаулары, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасымен 2021 жылғы 7 сәуірде бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдары және өзге де құқықтық актілер басшылыққа алынды.

Негіз: Кәсіпорын директорының м.у.а. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 24.02.2026 жылы №01-04/15 шығарған бұйрығы.

Талдау объекті: Кәсіпорын қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар.

**Кәсіпорын қызметі туралы есеп.**

2025 жыл.

Кәсіпорын меншігінде 1 ғимарат бар.

Кәсіпорында 3 тақырыптық экспозициялық залдар және 2 мемориалдық бөлме, соның ішінде:

- «Сақтардың тарихы мен мәдениеті»;
- «Алтын адамның ашылу тарихы»;
- « Уақытша көрме залы»;
- Кемел Ақышевтың мемериалдық көрме залы,

және Бекмұханбет Нұрмұханбетовтың мемориалдық бөлмесі бар.

Кәсіпорынның тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны:4.

- Есік қорымы (№ 1–47, 51-56 обалар) – ерте темір дәуірі мен Орта ғасыр ескерткіші (Б.з. д. VII ғ.- б. з. XI ғ. д.). Еңбекшіқазақ ауданы;

- Рахат қала жұрты – ерте темір дәуірі мен орта ғасыр ескерткіші (Б. з. д. VII ғ.- б. з. XI ғ.). Еңбекшіқазақ ауданы;

- Өрікті қала жұрты – ерте темір дәуірі мен Ортағасыр ескерткіші (Б. з. д. VII ғ.-б. з. XI ғ.). Еңбекшіқазақ ауданы;

- Ортағасырлық Талғар қалашығы (VIII-XIV ғғ.). Талғар ауданы.  
Негізгі қордың жәдігерлер саны: 3 658.

Экскурсиялар саны: 1378.

Дәрістер саны: 21.

Көрмелер саны: 23.

Археологиялық сараптама жұмыстары: 11.

Келушілер саны: 21118 адам, оның ішінде 18071 адам ақылы негізде, 3047 ақысыз негізде.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» келушілерге күн сайын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қызмет көрсетеді.

Кәсіпорын міндеттері мен функцияларын өзінің 29.12.2021 жылғы 878 санды Жарғысына сәйкес жүргізіп келеді.

Талдаумен анықталғаны, Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 43 қаулысына сәйкес құрылды.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік республикалық меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінәі Мәдениет комитеті болып табылады.

Кәсіпорынның директоры оның органы болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорынның негізгі қызметі – тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және сақтай отырып ғылыми-зерттеу, мәдени-біліми және туристік қызметтерді ұйымдастыру, Қазақстанның тарихи және рухани ескерткіштерін зерттеп, сақтау, оны жалпы халыққа насихаттау.

Кәсіпорынның мекен жайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі, Өрікті ауылы, Есік-Александровка тас жолы, 6,6 шақырым, құрылыс 2.

Телефон: +7(727) 306-91-30.

E-mail: [issyk@inbox.ru](mailto:issyk@inbox.ru)

Веб-сайт: [www.issykrm.kz](http://www.issykrm.kz)

### **Кадр жұмысы бойынша есеп.**

2025 жылы Кәсіпорында штаттық кестеге сәйкес барлығы 31 тұлға жұмыс атқарған, соның ішінде:

Әкімшілік-басқару персоналы – 3 бірлік. Директор 1, директордың орынбасары 1, Ғалым хатшы 1;

Қаржы-экономикалық бөлімі – 4 бірлік. Бас есепші 1, мемлекеттік сатып алу жөніндегі жоғарғы дәрежелі маман 1, кассир 1, есепші маман 1;

Ғылыми қор және ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімі 6 бірлік. Бас қор сақтаушы 1, аға ғылыми қызметкер 3, ғылыми қызметкер 2;

Талғар қалашығын қорғау және зерттеу бөлімі – 3 бірлік. Бөлім басшысы 1, аға ғылыми қызметкер 1, жоғарғы дәрежелі экскурсовод 1;

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және музей ісі бөлімі – 5 бірлік. Бөлім басшысы 1, ғылыми қызметкер 2, жоғарғы дәрежелі инспектор маман 1, жоғарғы дәрежелі әдіскер маман 1;

Экспозициялық және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі – 6 бірлік. Бас суретші 1, суретші-дизайнер маман 1, жоғарғы дәрежелі экскурсовод 2, музей қараушысы 2;

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі – 4 бірлік. Бөлім басшысы 1, жоғарғы дәрежелі заңгер маман 1, программист маман 1, аула тазалаушы 1;

Бос орын 3 бірлік, соның ішінде: жоғарғы дәрежелі экономист маман 1, инспектор 1, кадр инспекторы 1.

Министрлікпен директор мен оның орынбасары конкурстық іріктеу арқылы қызметке тағайындалған. Кәсіпорын директоры мен барлық қызметкерлер арасында еңбек шарты жасасып және біліктілік талаптарына (аула тазалаушыдан басқа) сәйкес бұйрықпен жұмысқа қабылданған.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған немесе мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері орын алмаған.

Кәсіпорын қызметкерлерінің қызметтік міндеттері туралы ережесінде нұсқаулықта қарастырылған өз міндеттерін орындамағаны үшін – қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне, материалдық зиян келтіргені үшін – қолданыстағы ҚР заңнамаларына сәйкес сонымен қатар әкімшілік, қылмыстық және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген шекте - оның қызметі барысында құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатындығы туралы көрсетілген.

Кәсіпорынмен бос жұмыс орны туралы хабарландыру Еңбек kz. электрондық порталы және БАҚ арқылы уақтылы беріліп тұрады. Қызметкерлерді негізсіз жоғарылату, басқа төмен қызметтерге ауыстыру не болмаса оларға қосымша міндеттерді жүктеу фактілері орын алмаған. Бос жұмыс орынға тұлғалардың ұзақ мерзім келмеу себептері, төмен жалақы мен Кәсіпорынның шалғай жерде орналасуы және үміткерлердің лауазымдық біліктілік сипаттамаларына сай келмеуі болып табылады.

Бұл бағытта жұмыстар жалғасуда.

Кәсіпорын қызметкерлеріне республикалық мемлекеттік мекемелердің жылға қаржыландыру жоспары бойынша көзделген қаражатты үнемдеу есебінен, республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жылға бекіткен даму жоспары бойынша үнемдеу есебінен және кредиторлық берешек болмаған жағдайда тиісті сыйлықақылар берілген (2025 жылы - 13). Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің және Кәсіпорын директорының бұйрықтарымен қызметкерлерге сыйлықақылар заң талаптарына сәйкес, яғни еңбек тәртібін сақтау, белгілі бір кезең ішіндегі жұмыстың нәтижелері, лауазымдық міндеттерді үлгілі орындау, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындау және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін және мереке күндеріне орай берілген.

Қызметкерге негізсіз бірнеше рет, оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде, кәсіпорында бір айдан кем жұмыс істеген болса, сынақ мерзімінен өту кезеңінде сыйлық беру фактілері орын алмаған.

Талдау мерзімі кезеңінде Кәсіпорын қызметкерлері тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке, соның ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қатысты жазаға тартылмаған.

#### **Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша есеп.**

Кәсіпорынға 2025 жылы жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түспеген.

Жеке және заңды тұлғалардан сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз әрекеттері туралы Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты, оның ішінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Call-орталығы, «Нұр Отан» партиясы, «Атамекен» ҰКП-сы және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шағымдар түспеген.

Құқық қорғау органдарымен Кәсіпорын қызметіне байланысты тексеріс жүргізілмеген. Заң бұзушылықты болдырмау туралы ұсыныс түспеген.

Кәсіпорын қызметкерлері мен олардың жұбайларының 2025 жылға кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) толығымен және уақтылы тапсырған.

#### **Қаржы экономикалық бөлімі бойынша есеп.**

Кәсіпорынға 2025 жылы мемлекеттік бюджеттен 171 085 000 теңге бөлінген. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы 11 738 000 теңге.

Талдау мерзімі кезеңдерінде мемлекеттік бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану, иемденіп алу немесе талан-таражға салу фактілері анықталмады.

Кәсіпорын басшылары тарапынан бюджет қаражатын ұрлау мақсатында әлдебір азаматтарды («Өлі жандар») жұмысқа алу және қызметкерлердің еңбекақысына қосымша жалақы мен үстемеақыны заңсыз белгілеу фактілері орын алмаған.

Кәсіпорынға 2025 жылға Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілмеген.

### **Мемлекеттік сатып алу туралы есеп.**

2025 ж.

Келісім-шарттардың саны мен сомасы:

55 келісім-шарт 25 845 326 теңге.

Өнім берушінің тауарларды жеткізуге, жұмыстарды және қызметтерді көрсетуге арналған шарттан туындайтын міндеттемелері уақтылы және сапалы орындалған. Бір тараппен шарттарды бірнеше рет қайталап жасасу фактілері орын алмаған. Мемлекеттік сатып алу бойынша тауарлардың құнын негізсіз көтеру фактілері болмаған.

Кейбір жағдайда тараптармен мемлекеттік сатып алу туралы Заңы сақталмағандықтан сотқа 1 талап-арыз беріліп, қанағаттандырылды.

Мысалы, 2025 жылдың 25 ақпан күнгі Түркістан облыстық экономикалық сотының шешімімен Есік музей-қорығының талап арызы қанағаттандырылып жеке кәсіпкер Қаратаев Бағлан Шерзатұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылды. Шешім заңды күшіне енді.

Кәсіпорынмен ресми интернет-ресурстарда әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алу материалдарына тең және еркін қол жеткізуіне және азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, іскерлік этика мен адалдықты, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз етілді.

### **Қорғау аймағына қарасты жер дауы бойынша атқарылған жұмыстар бойынша есеп.**

2024 жылғы 17 желтоқсан күнгі №372 Алматы облысы әкімімен Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы қаулы шығарылған.

Кәсіпорынмен 2025 жылы аралығында аудандық әкімдікпен азаматтар мен кәсіпкерлерге Есік музей-қорығының қорғау аймағынан заңсыз берілген жер телімдері құжаттарының күшін жою мақсатында аудандық сотқа 1 талап арыздар беріліп, қанағаттандырылды.

Мысалы, 2025 жылдың 18 шілде күнгі Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық сотының шешімімен Есік музей-қорығының талап арызы қанағаттандырылып, қорғау аймағында орналасқан 1,5 га. жер теліміне қатысты Жумағалиева С. мен Бектурова Ж. арасында 2020 жылдың 25 ақпанында жасасқан сатып-алу келісім шарттың күші жойылды. Шешім заңды күшіне енді.

Сөйтіп, қорғау аймағында орналасқан барлығы 398 га жер телімінің 93% мемлекеттік жер қорына қайтарылды.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты іс-шаралар.**

Атап айтқанда, Кәсіпорын директорымен 22.11.2022 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және 25.05.2023 жылы корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтар туралы қызметкерлерді хабардар ету тәртібін реттейтін құжат бекітіліп, барлық қызметкерлерге таныстырылды.

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету үшін директордың комплаенс-қызметтердің функциясын бекіту туралы бұйрығы 12.11.2021 жылы шығарылып, оның Ережесі мен комплаенс-офицердің лауазымдық нұсқаулықтары бекітіліп, барлық қызметкерлерге таныстырылды. Тоқсан сайын Кәсіпорын қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіп отырады. Осы бағытта жұмыстар жалғасуда.

Сонымен қатар, Кәсіпорын директорының 05.01.2021 жылғы бұйрығымен «Адалдық алаңы» жобасы шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде халыққа кеңес беру мақсатында азаматтары қабылдау үшін комиссия құрамы құрылып, азаматтарды қабылдау кестесі бекітілген.

Бұдан басқа, Кәсіпорын қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарының қатаң сақталуына түсіндіру іс-шаралары жүргізілді. Кәсіпорын ғимаратының ішіне кіреберіс қабырғасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық екі тақта қазақ және орыс тілінде ілінген.

Сондай-ақ, Кәсіпорын тарапынан азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері немесе қылмыстың басқа түрлері туралы ақпаратты whats app (тәулік бойы), электрондық пошта – [issyk@inbox.ru](mailto:issyk@inbox.ru), сенім телефоны немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірыңғай байланыс орталығы 1424 тегін нөмірі арқылы бере алатындай арналары сайтқа енгізілді.

Кәсіпорын директорымен 2025-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары бекітілген.

Жоғарыда көрсетілген бұйрықтар, кесте, жоспар, заңды түсіндіру жұмыстары, Ережелер мен нұсқаулықтар Кәсіпорынның ресми сайтында (интернет-ресурсында) толығымен жарияланған.

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері орын алмаған.

Кәсіпорынның басшылары мен қызметкерлер арасындағы мүдделер қақтығысы болмаған.

**Қорытынды.**

Талдаудың нәтижесінде Кәсіпорын қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады және Кәсіпорын қызметкерлерімен Қазақстан

Республикасының Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» және өзге де құқықтық актілер талаптарының сақталғандығын көрсетіп отыр.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне Ішкі талдаудың Аналитикалық анықтамасы Кәсіпорынның ресми сайтында (интернет-ресурсында) орналастырылатын болады.

### **Ұсыныс:**

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша жүйелі мониторинг жүргізу және мынадай шараларды қабылдау:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуын мониторингтеу;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу;

- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған немесе мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілерін мониторингтеу;

- мүдделер қақтығысын және қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалану фактілерін анықтау және жою;

- материалдық сыйақы, сыйлықтар мен қызметтер алу жағдайларының алдын алу және анықтау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған оқыту және түсіндіру іс-шараларын тоқсан сайын өткізу;

- бекітілген нысанға сәйкес №4 Типтік базалық бағытты іске асыру бойынша есептілікті растайтын құжаттарды қоса отырып, тоқсан сайын Министрлікке ұсыну.

Осы ұсынымдардың орындалуын қамтамасыз ету, тиісті шараларды қабылдау және есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Министрлікке уақтылы ұсыну қажет.

### **Жұмыс тобының құрамы:**

#### **Топ басшысы:**

**Директордың орынбасары,  
комплаенс-офицер**



**Д. Зікірия**

#### **Жұмыс тобы қызметкерлері:**

**Бөлім жетекшісі**



**Ж. Құрбанәлі**

**Заңгер**



**С. Мұздыбаев**